

"Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы" нұсқаулықты және "Ішкі істер органдарында алынып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулар мен оқ- дәрілерді, жарылғыш заттар мен материалдарды, оқ-дәріні, суық қаруды қабылдап алу, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы № 111 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 177 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 18 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6300 болып енгізілді.

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы» нұсқаулықты және «Ішкі істер органдарында алынып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулар мен оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен материалдарды, оқ-дәрілерді, суық қаруды қабылдап алу, есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 1 наурыздағы № 111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 2257 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

«Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы» нұсқаулықта:

27-тармақтың 5) тармақшасында сандар және «21 жасқа» деген сөз және сандар «19 жасқа» деген сөзбен және сандармен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы (М.Т. Қабденов) осы бұйрықты әділет органдарында тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры А.В. Кулиничке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
"Келісілді"
Қазақстан Республикасы

С. Баймағанбетов

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

т ө р а ғ а с ы

_____ Ә.Ш. Шаяхметов

2010 жылғы 5 мамыр

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

т ө р а ғ а с ы

_____ Ә.Ш. Шаяхметов

2010 жылғы 20 мамыр

Денсаулық сақтау министрі

_____ Ж.А. Досқалиев

2010 жылғы 4 мамыр

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрі

_____ В.К. Божко

2010 жылғы 19 мамыр